

**"Өтпелі кезенде аз қамтылған халық қатарындағы әйелдер мен балалардың тамақтануын жақсарту" жобасын іске асыру үшін Кедейлікті азайту жөніндегі жапон қорының қаражатынан Азия Даму Банкінің желісі бойынша грант тарту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 қазан N 1302

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Өтпелі кезенде аз қамтылған халық қатарындағы әйелдер мен балалардың тамақтануын жақсарту" жобасын іске асыру үшін берілетін 993677 (тоғыз жұз тоқсан үш мың алты жұз жетпіс жеті) АҚШ доллары сомасындағы грант туралы келісім (бұдан әрі - Грант туралы келісім) жасасу нысанында кедейлікті азайту жөніндегі жапон қорының қаражатынан Азия Даму Банкінің желісі бойынша грант тарту макулдансын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің төрағасы Жақсылық Ақмырзаұлы Досқалиевке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Грант туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі

993677 (тоғыз жұз тоқсан үш мың алты жұз жетпіс жеті) АҚШ доллары сомасындағы грант қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен грантты Қазақстан Республикасының 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялары бағдарламасының жобасына енгізсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК